



№28 (10018)
9 сәуір,
сейсенбі
2024 ЖЫЛ

Жалағаш жаршысы




«zhlagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағенімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Пікір



Бірлікпен бұл апатты да еңсереміз

Ел басына күн туса, ер етігімен күн кешер. Өткен ғасырларда аштық, сурапыл соғыс, экономикалық тоқырау еліміз үшін оңай болмағаны тарихтан белгілі. Қазіргі таңда елдігіміз сыналатын уақыт деп айта аламын. 10 аймақта төтенше жағдай жарияланды. Иә, табиғи апат айтып келмесі анық. Су басқан өңірлердегі ағайынға сабыр, күш-қайрат тілеп, Алладан дұға етеміз.

Кешегі Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев аталған апат бойынша халыққа Үндеу жариялады. Отандастарымыз үшін алаңдап отырған біз Үндеуді толық көріп шықтық. Кеңіліміз жайланды, Президент Үкіметке нақты тапсырмалар берді. Зардап шеккен барша азаматқа қаржылық және басқа да көмек көрсетілетінін жеткізді.

Иә, қалыптасқан мәселемен күресті бір адамға тапсырып қояға да болмайды. Бірлік болмай, тірлік болмас, жұмыла жасаған істің нәтижесінде көптеген қасіретті артта қалдырған ұлы халықтың ұрпағымыз. Ең бастысы, еліміз аман болсын.

Садық ӘЛИЕВ,
аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы

Су тасқынынан сабақ алуымыз керек

Қазір су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылған. Кешегі Президент Үндеуінде осыны естіп, көңіліміз бір жайлап қалды. Бірақ ахуал әлі де күрделі. Сондықтан тасқын су басқан аймақтардағы ағайынның жайына әлі де алаңдап отырғанымыз өтірік емес.



Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы, яғни бірінші кезекте бізге елдің амандығы керек. Иә, Үндеуде Қасым-Жомарт Кемелұлы осылай деді. Сондай-ақ Президент мемлекет зардап шеккен бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайтынын да нақты айтты. Яғни тасқын судың беті қайтса, елдің материалдық шығындары толық өтеледі.

Бұл мәселемен Қазақстан бірінші рет бетпе-бет келіп отырған жоқ. Жыл сайын көктем басталысымен бірқатар өңірде осы мәселенің туындайтыны өтірік емес. Сондықтан Мемлекет басшысы айтқандай, алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығару керек. Олқылықтарды түзетіп, кемшіліктерден сабақ алмасақ, алдағы жылдары да мұндай мәселемен әлі талай бетпе-бет келуіміз ғажап емес, сондықтан Президент сөзінен сабақ алған абзал.

Ғалымжан ЕРЖАНОВ,
аудандық мәслихат депутаты



Мезгіл мәселесі

72 мың адам құтқарылды

Су тасқыны басталғалы эвакуация аймақтарынан 72 мыңнан астам адам құтқарылған. Оның 16 мыңы – бала. Эвакуацияланған халықтың үштен бірі ғана уақытша қоныстандыру орындарына орналасқан, қалғаны туыстарына кеткен. Қазір Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында жағдай күрделі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су тасқыны салдарынан зардап шеккен халыққа басу айтып, қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Үндеу жариялады.

– Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы. Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі. Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни жіберілген олқылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес. Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшы болуы, табиғатқа нөмірқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет. Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.



Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Расында қазір халқымыздың жағдайы мез емес. Бірлігіміз мығым болса, бұл мәселені де еңсереміз. Қазіргі таңда Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында 3 686 жеке үй, 557 аула және 1 822 саяжай су астында қалған. Эвакуация пункттерінде 14 мыңнан астам адам тұрып жатыр. Апат-құтқару жұмыстарына 12 мыңнан астам адам, 1 300-ге жуық техника, 7 тікұшақ жұмылдырылған.

Айта кетейік, еліміздегі еріктілерден құралған топтар да сын сағатта қол қусырып отырмады. Еліміздің әрбір

қаласынан қарғын судан зардап шеккен аумақтарға гуманитарлық көмек беруде. Олар әлі күнге дейін қажетті киім-кешектер мен азық-түліктер жіберіп жатыр. Тіпті көршілес Қырғызстан, Өзбекстан және Түркия мемлекеттері де «Біз біргеміз» деп ағайынның қайғысына ортақтасып, азық-түлік, киім-кешек толы жүк көліктерімен келіп жетті.

– Қазақстанның батыс, солтүстік және шығыс өңірлерінде орын алған су тасқыны біздің де қабырғамызды қайыстырып отыр. Сел апатынан зардап шеккен барша ағайынмен әрдайым біргеміз. Оларға қымбатты Мусиад мүшелері, меценаттар гуманитарлық көмек жөнелтіп отыр. Гуманитарлық көмек – 110 жәшік азық-түлік және 40 дана кілемнен құралды. Қазір – қасиетті Рамазан айының соңғы күндері. Біз осы қасиетті айда зардап шеккендермен біргеміз, – деді Түркия Республикасының Бас консулы Эврен Мүддеррисоглу.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың айтуынша, табиғи апаттан зардап шеккен қазақстандықтарға жарамсыз болған үйлерінің орнына жаңадан үй салынып, әр үйге 22 млн теңгеден бөлінеді. Яғни мамандар 80 шаршы метрлік бір үйдің құнын 22 млн теңге деп бағалаған. Бір шаршы метрі 281 мың теңгені құрайды.

Қысылтаяң шақта осы қолдаулардың өзі әрбір қазақстандықты өбегерге салмауға көмек берері анық. Әлі-ақ бұл қиындықты халықпен бірге жұмыла еңсереміз. Бастысы, өз арамьзда жалған ақпарат таратпай, бірлікте болу маңызды. Ал алдағы уақытта кеткен олқылықтарды түзеп, топан сумен күресуде шетелдік тәжірибелерді қолданып, көлесіде бұл мәселелердің қайталануына жол бермеу қажет. Зардап шеккен әр қазақстандықпен біргеміз, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Бағдарлама игілігі

Бүгінде мемлекеттік бағдарламалардың көбі шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Өйткені кәсіпкерлік саласы дамымай, елде табыс та, түсім де болмайды. Соңғы жылдары қабылданған шаралардың арқасында әсіресе шағын және орта бизнес ауданда тұрақты дамыды. Сүйікті ісін табыс көзіне айналдырып, өзімен қоса аудан азаматтарын да жұмыспен қамтамасыз етуге ниетті тұрғындардың қатары едәуір артқан. Өйткені жалағаштықтар табыстың тетігі кәсіпте екенін жақсы түсінді. Сондай-ақ салаға жауапты мамандар тарапынан халықты кәсіпкерлікке үгіттеу, оқыту секілді жұмыстардың да үздіксіз жүруінен аудан тұрғындары мемлекеттің кәсіпкерлік саласын қолдау мақсатындағы бағдарламаларын тиімді пайдалана бастаған.

Жандос ЖАЗКЕН



Серпін алған сала

2 857 кәсіпорын
жұмыс жасайды

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі мамандарының мәліметінше, биыл тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3001-ге жетті. Оның ішінде 2 857-сі, яғни 95,2 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Өкінішке орай оның 144-і бүгінде жұмысын толықтай тоқтатқан. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны 83-ке азайған. Сондай-ақ жұмыс жасап тұрғандар саны 57-ге қысқарған.

17 млрд 433 млн теңге
инвестиция тартылған

Осы ретте экономика саласының дамуына тоқталайық, өйткені тұрғындардың әлеуметтік ахуалын жақсарту мүмкіндіктеріміз экономиканың даму қарқынына тікелей байланысты. Өткен жылдың қорытындысымен негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 17 млрд 433 млн теңгені құрап, жеке 144,4 пайызға орындалған. Бюджет қаражаты есебінен 5,3 млрд теңге және меншікті қаражат есебінен 12 млрд 133 млн теңгеге артқан.

31 млрд 912 млн теңгенің
өнеркәсіп өнімдері өндірілген

Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторлары арқылы 31 млрд 912 млн теңгені құрайтын өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жоспар 100 пайызға орындалған. Жеке-жеке тоқталсақ, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 100,3 пайызға орындалып, 7 млрд 377 млн теңгенің өнімі өндірілген. Сонымен қатар бөлшек сауда айналымының көлемі 12 айда

3 млрд 947,8 млн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,9 пайызға өскен.

Кәсіпкерлік саласы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күшінің бірі болып табылады. Сондықтан бұл саланың көрсеткіштерінің қорытындысы ауданымыздың даму рейтингіне әсер етпей қоймайды. Жасыратыны жоқ, кәсіпкерлік пен жұмыссыздық мәселесі қатар жүретіні бар, себебі кәсіпкерлер қатары артқан сайын жұмыссыздардың саны қысқарады.

ЖАЛАҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

ӘЛЕУМЕТ

Серпін алған сала

Иә, халықты жұмыспен қамту мәселесі ауданда ғана емес, республика бойынша әлі де өзекті. Дегенмен қол қусырып отыруға тағы болмайды, сондықтан мемлекет әсіресе өңірлерде, ауылдарда көптеп жұмыс орындарын ашуды қолға алған. Тіпті ауданда екі қолға бір күрек таба алмай жүрген азаматтарымыз жергілікті билік тарапынан белгілі бір сала бойынша оқытылып, жобасы қаржылай қолдау тауып, сол арқылы кәсіп ашып, өз ісін деңгелентіп жатыр.

206 жоба қаржылай қолдау тапқан

Статистикаға сүйенсек, аудан бойынша мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсібін әрі қарай дамыту бағытында жыл басынан бері 206 жоба 4809,3 млн теңгеге қаржыландырылған. Нақтырақ тоқталсақ, «Ұлттық жоба» бағдарламасы аясында 12 жоба 868,7 млн, «Аграрлы Несие Корпорациясы» АҚ-ның облыстық филиалы жеке қаражаты есебінен 28 жоба 715,2 млн, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы» ЖШС-ның «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аясында 28 жоба 273,5 млн, «Агробизнес» бағдарламасы аясында «Ауыл» несие серіктестігі ЖШС арқылы 34 жоба 2377,4 млн, «Каз Агро Қаржы» АҚ және «Ком Транс Лизинг» ЖШС арқылы 2 жоба 16,5 млн, Қолдауға ие болған жастар ісін өрге деңгеленту үшін тиісті қаражат көзін мемлекеттен жеңілдетілген пайызбен иеленіп те жатыр. Мәселен, осы бағдарлама бойынша ауданнан 80 жас кәсіпкердің жобасы мақұлданып, 378,3 млн теңге несие алынған.

«Ауыл аманаты» жобасы жайында естімеген жан жоқ шығар. Аталған жобаны іске асыру ауылдық елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын құруға, мал мен құстың санын көбейтуге, шағын кәсіп ашуға және азық-түлік өнімімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Негізінен бүгінде «Ауыл аманаты» жобасы бойынша қаражат беру тетігі барынша жеңілдетілген. Жобаның тұрғындар үшін ең ұтымды тұсы үйлерін кепілдікке қойып, 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алуында.

80 жас кәсіпкер 2,5 пайызбен несие алған

Былырдан елімізде жастарды қолдау және олардың кәсібинің дамуына жағдай жасау мақсатында 2,5 пайызбен несие беру басталған. Нәтижесінде бүгінде ауданда алдына



мақсат қойып, кәсіппен айналысқысы келетін жастардың саны өдеуір артты. Қолға алған ісіне жауапкершілікпен қараған жас кәсіпкерлердің ішінде барлығынан оза шауып, кәсіп шыңының биігінен көрінгендер де жоқ емес. Қолдауға ие болған жастар ісін өрге деңгеленту үшін тиісті қаражат көзін мемлекеттен жеңілдетілген пайызбен иеленіп те жатыр. Мәселен, осы бағдарлама бойынша ауданнан 80 жас кәсіпкердің жобасы мақұлданып, 378,3 млн теңге несие алынған.

«Ауыл аманаты» жобасы жайында естімеген жан жоқ шығар. Аталған жобаны іске асыру ауылдық елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын құруға, мал мен құстың санын көбейтуге, шағын кәсіп ашуға және азық-түлік өнімімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Негізінен бүгінде «Ауыл аманаты» жобасы бойынша қаражат беру тетігі барынша жеңілдетілген. Жобаның тұрғындар үшін ең ұтымды тұсы үйлерін кепілдікке қойып, 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алуында.

«Ауыл аманаты»: 22 жоба қолдау тапқан

Осы ретте «Ауыл аманаты» жоба-

сының тиімділігі мен қаржы ұйымының талаптарын түсіндіру үшін аудан әкімінің орынбасарлары мен тиісті сала басшылары тарапынан былтыр кент және ауылдық округ тұрғындарымен кездесулер ұйымдастырылған. Нәтижесінде кент және 8 ауылдық округ бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы өндіріс, асыл тұқымды мал шаруашылығы, қызмет көрсету, өсімдік шаруашылығы бағытында 179,7 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржыландырылған. Жалпы жыл көлемінде мемлекеттік бағдарламалар арқылы және жеке қаражаттар есебінен жалпы құны 1 млрд 701 млн теңгені құрайтын 16 жоба іске қосылып, 86 адам жұмыспен қамтылған.

Өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялық жобалар пулы аясында биыл 1 млрд 30 млн теңгені құрайтын 2 жоба іске қосылған. Соның бірі «АВ-AGRO» ЖШС-ның құны 500 млн теңгені құрайтын тәулігіне 30 тонна күріш ақтау және жем өндіру жобасы және «УНО-ПРОФ строй» ЖШС-ның құны 500 млн теңгені құрайтын «Асфальт және бетон өндіру зауыты» жүзеге асырылады.

Айта кетейік, биыл «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 450 млн теңге, жастарға жеңілдетілген 2,5 пайызбен берілетін несие қаражатынан 500 млн теңге және «Іскер», «Агробизнес» бағдарламалары арқылы тиісті мамандар тарапынан несие қаражаттарын алу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Бір сөзбен айтқанда, кәсіп ашып, ауданның дамуына үлес қоса-мын, өңірді өркендетімін дегендерді жергілікті билік жан-жақты қолдауға дайын.

алдағы уақытта тәулігіне 3 мың литр сүт өңделеді.

Мұнан бөлек биыл жалпы құны 1 млрд 241 млн теңгені құрайтын 7 жоба іске қосылып, 60 жаңа жұмыс орны ашылады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған Бірыңғай Жалпыұлттық жобалар пулы, Өңдеу өнеркәсібіне бағытталған жобалар пулы, Бірыңғай индустрияландыру картасы аясында биыл ауданда «Ержанов Д» кәсіпорнының жеке қаражаты есебінен құны 500 млн теңге болатын «Күріш ақтау және жем өндіру» жобасы және «УНО-ПРОФ строй» ЖШС-ның құны 500 млн теңгені құрайтын «Асфальт және бетон өндіру зауыты» жүзеге асырылады.

Айта кетейік, биыл «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 450 млн теңге, жастарға жеңілдетілген 2,5 пайызбен берілетін несие қаражатынан 500 млн теңге және «Іскер», «Агробизнес» бағдарламалары арқылы тиісті мамандар тарапынан несие қаражаттарын алу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Бір сөзбен айтқанда, кәсіп ашып, ауданның дамуына үлес қоса-мын, өңірді өркендетімін дегендерді жергілікті билік жан-жақты қолдауға дайын.

БАСЫ I-BETTE

А.Мизанбаев: биыл 250 іс қаралды

Кеше аудандық сотта сала қызметкерлері мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен 2024 жылы I тоқсанда атқарылған жұмыстар қорытындыланды. Баспасөз конференциясында аудандық сот төрағасы А.Мизанбаев баяндама жасап, журналистердің бірқатар сұрағына жауап берді.

Биыл I тоқсанда аудандық сотта 250 іс қаралған. Оның ішінде азаматтық – 132, өкімшілік іс – 1, қылмыстық – 10, өкімшілік құқық бұзушылық – 107. Аяқталған 132 азаматтық іс бойынша, 12 сот бұйрығы, 62 шешім шыққан. Сондай-ақ 43 іс тоқтатылған, ал 14 іс қарасыз қалған, басқа соттың қарауына 1 іс жолданыпты.

А.Мизанбаев тоқтатылған азаматтық істерге қатысты 43 іс медиация бойынша, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама негізінде 33 іс қаралғанын айтады. Төрағаның айтуынша, I тоқсанда азаматтық істер, оның ішінде шарт бойынша міндеттемеден тұндаған даулар саны артқан. Яғни банк заем шарты, қарыз ақшаны қайтаруға байланысты биыл аудандық сотқа 72 арыз түскен. 6 заңдық маңызы бар фактіні анықтау жайлы арыз, 1 өкімшілік істер бойынша іс медиация тәртібімен аяқталған.

16 отбасының шаңырағы шайқалған

Қазақ халқы өжелден жастардың шаңырақ көтеріп, үй болуын маңызды қадамға балаған. Алайда бүгінгі қоғамда өршіп тұрған өзекті мәселенің бірі ажырасу екенін жоққа шығармаймыз. «Үйлену оңай, үй болу қиын» дейтін дана халқымыз отбасы құндылығын жастардың бойына бала күнінен дәрпеген. Десе де «ө» дегеннен ажырасуға бел буатын жас отбасылар қатары көбейіп келеді. Әрине отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Әйтсе де мамандар жыл өткен сайын шыркы бұзылған отбасылар



санының артып бара жатқанын айтып, дабыл қағуда.

Жыл басынан бері ауданда 29 жас отбасын құруға ниет білдіріп, заңды түрде ерлі-зайыпты атанған. Ал сот төрағасының мәлімдеуінше, небәрі 3 айда 16 ерлі-зайыпты отбасын сақтай алмай, ажырасуға бел буған.

– Некені бұзуға арызданатындардың көбі жастар және олардың басым бөлігінің көмелет жасына толмаған балалары бар. Ажырасушылардың әрқайсысы әртүрлі себептерді алға тартады. Оның ішінде бір-бірін кінәлайтындыр да, «дәм тұзымыз жараспады, мінезіміз үйлеспеді» немесе «тұрмыстық зорлық-зомбылық» себеп дейтіндер де бар. Некені бұзу туралы азаматтық істі қараған судья ерлі-зайыптыларды татуластыруға, бір сөзбен айтқанда, заңды некені сақтап қалуға тырысады. Ашу үстінде асығыс шешім қабылдамау үшін заң аясында ойлануға мерзім беріледі. Осы уақытта татуласып кететіндер де бар. Өкінішке орай аудандық сотта жыл басынан бері неке бұзу туралы 16 отбасынан өтініш түсіп, ажырасуға шешім шығарылған. Мұнан бөлек ажырасқандар арасында алимент мәселесі де өзекті. Яғни биыл I тоқсанда көмелетке толмаған балаларды асырап бағу үшін алимент өндіру жайлы 12 талапкерден өтініш түскен. Ал алиментті төлемеуден бас тартып қашып жүргендерге өкім-

шілік шара қолданылады, – дейді А.Мизанбаев.

3 айда 10 қылмыстық іс аяқталған

Ауданда 3 айда 10 қылмыстық іс аяқталған. 9 іс бойынша үкім шығып, 1 іс тоқтатылған. Сот төрағасының айтуынша, биыл ауданда бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру ісі өсім алған. Баспасөз конференциясында спикер мал ұрлығына жәбірленуші тарап көшірім бергенімен барымташы бәрібір темірторға тоғытылатынын тілге тиек етті. Бұл азаматтардың біреудің мүлкіне қол сұғып қылмыс жасап, кейін өкініп көшірім сұрағанымен заң алдында жазасыз қалмайтынын білдіреді.

Жыл басынан бері 11 адам сотталған. Оларға тағайындалған жаза түрлеріне келсек, 2 адам қоғамдық жұмысқа тартылған, 6 адам бас бостандығынан шектелсе, 3 адам бас бостандығынан айырылған.

Аяқталған істердің санаттарына тоқталсақ, 1 жеңіл санаттағы қылмыс, 2 ауырлығы орташа қылмыс және 6 ауыр қылмыс, 2 теріс қылқық санатындағы қылмыс жасалған. Аяқталған қылмыстық істердің ең көп қаралған санатына келсек, биыл мал ұрлығы болмаған. Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру бойынша 4 іс, есірткі затын заңсыз егу, тасымалдау бойынша 2 іс қаралған.

84 азаматқа жаза тағайындалды

Өкімшілік құқық бұзушылықтың ең көп қаралған санаты – көлік құралын масаң күйде басқару. Бүгінде жол қозғалысы ережелерін бұзып, жәбірленушінің мүлкіне зиян келтіру немесе денсаулығына жеңіл зиян келтіру сынды тәртіп бұзушылықтар азаяр емес. Жыл басынан бері өкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 111 шағым түскен. Оның 107-сі аяқталып, 4-еуі келесі тоқсанға шегерілген. 84 азаматқа жаза тағайындалса, 23 іс тоқтатылған. Сондай-ақ қос тараптың татуласуына байланысты медиация тәртібімен 8 іс тоқтатылған. Жаза тағайындалған 84 азаматтың 30-ына айыппұл салынып, 10-ына ескерту берілген. Сондай-ақ 43-і қамаққа алынып, 1 азамат көлік құралын басқару құқығынан айырылған. Көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жаза ретінде 7 азаматқа қолданылған.

Мұнан бөлек жеке бастың құқықтарына қол сұғатын, оның ішінде ұрып-соғу, отбасы-тұрмыстық қатынастарда ұрып-соғу бойынша 28 іс тіркелген. Баспасөз конференциясында А.Мизанбаев алдағы уақытта да сот төрелігінің сапасын арттырып, сот жүйесін нығайтуда қатаң шаралар қолданылатынын жеткізді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Жексенбіде Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті. Үкімет басшысы құзырлы мемлекеттік органдарға және облыс әкімдеріне су тасқынынан зардап шеккендерге барлық тиісті көмек көрсету қажеттігін ескертті.

Тасқынға қарсы шаралар пысықталды

Штаб отырысынан кейінгі мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев су тасқынының алдын алу шараларын қатаң бақылауда ұстап, еліміздің зардап шеккен өңірлеріне көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды.

– Су тасқыны еліміздегі ең өзекті мәселеге айналды. Республиканың бірқатар өңірінде табиғи апат болып, өзге де облыстарды су алу қаупі туындауда. Қазір аймақта алдын алу шаралары қабылданған. Өңірлік штаб құрылып, су басу қаупі бар 29 аймаққа 364 арнайы техника мен 1 102 адам күші бар 116 жауапты мекеме бекітілді. Қазір 7 су қоймасының алтауы қарғын су алуда, 100 пайыз толғандықтан транзиттік режимде жұмыс жасауда. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, су қоймаларындағы су деңгейін қадағалау үшін тұрақты түрде көзекшілік ұйымдастырып, жағдайды бақылауда ұстаныздар, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, қазір Қостанай, Ақтөбе облыстарында Қызылорда облысынан барған 66 құтқарушы және 9 арнайы техника, 4 қайық, 20 мотопомпа жұмыс жасауда. Еріктілер барлық аудандар мен Қызылорда қаласынан 112 тонна гуманитарлық көмек (азық-түлік, көрпе-төсек, гигиеналық құралдар, дәрі-дәрмек, құрылыс заттары) жинап, Ақтөбе қаласы мен Қобда ауданына 25 жүк көлігімен жөнелтті. Оған қоса 2,5 млн теңге қаржы Ақтөбе облысында ашылған есепшоттарға аударылды. Тасқыннан зардап шеккен басқа өңірлерге де гуманитарлық көмек көрсету үшін «Жастар орталықтары» жанынан, сауда үйлері мен базарлардан пункттер ашылған. Бұл бастаманы Сыр өңірінің жанашыр азаматтары мен еріктілер қолдап, өз үлестерін қосуда.

Мұнан бөлек мәжілісте 6 сәуір мен 11 мамыр аралығында көгалдандыру және санитарлық тазалыққа бағытталған «Таза Қазақстан» акциясын жоғары деңгейде өткізу туралы жауапты тұлғаларға тапсырма берілді. Акцияның әр аптасына белгілі бір тақырыптық атау қойылған. Мәселен, 6-13 сәуір аралығындағы «Таза өлке» аптасында тұрғындар, қоғам белсенділері, мекемелер мен кәсіпорындар өз аумақтарына тазалық жұмыстарын жүргізеді. «Киелі мекен» деп аталатын екінші аптада тарихи-мәдени ескерткіштер аумағын абаттандыру, тазалығын қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылады. Ал «Жасыл аймақ» аптасында тал егіліп, ағаштар өктемлек. «Өнегелі ұрпақ» аптасындағы шаралар қала және аудандардағы ардагерлердің ауласын, «Қарттар үйлерінің» аумағын тазалауға, абаттандыруға бағытталады. «Мөлдір бұлақ» аптасында өзен-сулардың аумағы қоқыстан тазартылады.

Жиында су басқан аймақтарда атқарылған жұмыстар туралы кеңінен ақпараттандыру және апат болған өңір тұрғындарына көмек көрсету мәселелері талқыланды. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, өлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының тұрақтылығын ұдайы бақылауда ұстау тапсырылды.

«ЖЖ» ақпарат

Бәрекелді!

Қызметтік көлік табыстады



Кеше облыстық мәслихат депутаты, ішкі істер саласының ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әмір Шаймағанбетов аудандық полиция бөлімінің ұжымымен кездесті. Жиында қызметкерлердің жұмысына ерекше тоқталған сала ардагері аудандық полиция бөліміне екі автокөліктің кілтін табыстады.

– Өзім осы ауданнан шыққасын ауданның жеке құрамымен кездесуді көптен бері жоспарлағанмын. Бірақ сәті бүгінге түскен екен. 30 жылдық өмірімді осы салаға арнап, қазір ел болашағы болған жастарды елжандылыққа тәрбиелеуге өз үлесімді қосып жатырмын. Сонымен қатар шалғай елді мекендерге материалдық-техникалық базасын, үлескерлік полиция қызметкерлеріне үй беру және оларға көмекші беру жөніндегі мәселелерді көтеріп жатырмыз. Солардың бір жауабы ретінде кешегі қаралған сессияда 18 автокөлік берілді. Соның ішінде 2 автокөлік Жалағаш ауданының полиция бөлімінің үлесінде. Департамент бастығының қолдауымен шалғай елді мекендерге табысталмақ. Біреуі Аққырға, енді бірі Қаракеткен елді мекеніне беріліп жатыр. Енді алдағы уақытта шалғай елді мекендердегі полиция қызметкерлеріне үй беру мәселелерін қарастырамыз, – деді Әмір Шаймағанбетов.

Кездесуде облыстық мәслихат депутаты өз кітабымен таныстырып, қазіргі құрамдағы жастардың да кітап оқу қажеттігін тілге тиек етті. Өзінің авторлық кітаптарын да аудандық полиция бөлімінің мұражайына сыйға тартты. Сонымен қатар аудандағы жұмыс істемей қалған камераларға да тоқталып, полиция бөлімінің жұмысы камералармен тығыз байланысты екенін және ол жайында аудан әкіміне ұсыныс білдіретінін де айтты.

Кездесу соңында аудандық полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекеров ұсыныс айтты. Ол ауылдық жерлерге шығуға көліктер жарамсыз екенін тілге тиек етіп, көз келген жолға тәзімді көлік қажеттігін назарға салды. Сонымен қатар ауылдық, егіндік жерлерді тексеріс кезінде дрон қажеттігін де жеткізді.

«ЖЖ» ақпарат

Еңбек адамы



Атақты директор

Жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдар басында ауданда жеті күріш, үш қой совхозы, барлығы он шаруашылық бар еді. 1974 жылы Жалағаш совхозының директоры Ықылас Самуратов Қызылорда қаласына басқа жұмысқа ауысты. Орнына директор тағайындау керек болды. Оның үстіне бұл шаруашылық кейбір негізгі көрсеткіштерден сынның астында қалған. Ендігі басқаратын кадрға қойылатын талап жоғары. Жаңа басшының алдында осылардың бәрін жөндеу, етек-жеңін жинау, шаруашылықты жаңа сатыға көтеру міндеті тұрды.

I

Бұл орынға ұсынылатындардың қатарында тізімге іліккендердің саны аз болған жоқ. Олардың барлығы да аудандық партия комитетінің бюро мүшелігінде жаңа жасты қаралып, соңында Әмірзақ Тұңғышбаевтың кандидатурасына тоқталған. Мәні онымен тікелей қызметтес болуым 1974 жылдан басталған. Ол кезде аудандық партия комитетінде екі-ақ бөлім, ұйымдастыру және үгіт-насихат бөлімі, ұйымдастыру бөлімі партиялық жұмыстармен қатар шаруашылықтың барлық саласымен айналысатын. Ол жылдары ауыл шаруашылығы дейтін бөлім жоқ.

Жалпы біреу туралы жазу үшін оны білу керек. Жай ғана білу емес, онымен қызметтес болу керек. Сонда ғана ол жайлы шешіліп айта аласыз. Ол өзі шымыр дегені, қой көз, қарым маңдайлы азамат болатын. Оның жүріс-тұрысына қарап, сөйлеген сөзін естіген адамға «ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген ұлы Абайдың сөзі еске оралатын. Ол өзінің табиғат сыйлаған адамгершілік қасиетімен, үдеге беріктігімен, табандылығымен өзін қоршаған ортасында айрықша ерекшелді. Жора-жолдастары да өте көп болды. Достар мен жолдастықты ерекше қастерлейтін. Мейлінше қаралым ол кімкін болса да өзіне тартып сөйлейтін. Соның арқасында қай шаруашылықта басшылық етсе де тасы өрте деңгелді.

Әмірзақ Пірназарұлы 1939 жылы Жаңаталап ауданында (қазіргі Мақпалкөл ауылы) дүниеге келген. Орта мектепті бітіргені өзінің еңбек жолын Ленин атындағы колхозда жұмысы болып бастады. 1963 жылы Қазалы совхоз техникумын, 1974 жылы Алматы қаласындағы ауыл шаруашылық институтын еңбек өте жүріп, сырттай оқып бітірген. Жаңаталап совхозында бөлімше есепшісінен совхоздың бас экономистіне дейін көтерілген.

Ол 1974 жылдан 1979 жылға дейін Жалағаш қой совхозының директоры қызметін абыроймен атқарды. Осында уақытта өзінің іскер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында мал шаруашылығынан алатын өнімді үнемі артығымен орындауды қамтамасыз ете отырып, мал басын төлі есетімен көбейтіп, мал шығын азайтудың нәтижесінде 3-4 жылда совхозды әуелі аудан, одан соң облыс шаруашылықтарының алдына шығарды. Совхозды ол басқарған кезде жылдың қорытындысымен үнемі ауданның, облыстың, республиканың ауыспалы «Қызыл туын» жеңіп алды. Озат шопаңдар қатары көбейіп, сол жылдары Е.Қарпықов «Ленин» орденімен, Е.Тұрабаев ІІ-ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен, Е.Әмірбаев Қазақ ССР Жоғарғы Советінің «Құрмет» грамотасымен, совхоз директоры Әмірзақ Тұңғышбаев «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, абырой биігіне болды.

Бұл кезең оның ұйымдастырушылық қабілетінің мол өкпені, жан-жақтылығын іс жүзінде көрсете білген шағы еді. Шын мәнінде совхоз Ө.Тұңғышбаев басқарған 4 жылда сол уақыттың тілімен айтқанда шаруашылықтың барлық саласы бойынша бұрын соңды болмаған нәтижеге қол жетіп, мал басын есіру, төл алу, мемлекетке ет, жүн, қаракөл елтірісін тапсыру жөніндегі халық шаруашылық жоспары мен социалистік міндеттемесін артығымен орындап, совхозды республикадағы танымал совхоздардың қатарына шығарды. Бұрынғы сын айтудан арылмайтын совхоз енді мақтаулы шаруашылықтар сапына көтерілді. Мұның барлығына совхоз директорының кадрларды дұрыс іріктеумен орналастыруының, мамандарды міндеттерін орындауға үйрету білудің, шопаңдар қауымының өз ісіне деген жауапкершілігін арттыра білуінің, бір сөзбен айтқанда, шаруашылықты жан-жақты меңгеруінің, басшылықты өмір талабына сай жүргізуінің нәтижесінде ол жеткенін уақытында өз замандастары мойындаған еді.

II

Әмірзақ Тұңғышбаевтың шаруашылық басқарудағы өмірінің екінің кезеңі 1979-1990 жылдары болды. Бұл кезеңде ол Ақсу совхозына жетекшілік жасады.

1979-1990 жылдары оның өміріндегі ең айтулы, ең қызықты, аты өліне кең ауқымда танылған да, еңбек табысының талайларды тамсандырып, тасқындаған да, дамылсыз шаруашылықтың нағыз директоры атанған көзі болатын. Енді осы айтқандарымызды нақты деректермен баяндайық.

Білгір ұйымдастырушы күріш совхозының тізгінін қолына алғаннан кейін алдына мемлекетке күріш тапсырудан жұмындықтар қатарына көтерілуді міндет етіп қойды. Ұжыммен тіл табыса отырып, совхозда күріш көлемін 2 мың гектарға дейін жеткізді. Дикандар мен механизаторлардың өнімді еңбек етулеріне мәдени-тұрмыстық жағдайды толық ұйымдастыра отырып, агротехникалық шараларды бұлжытпай орындаудың арқасында 1980-1986 жылдары совхоз бойынша әр гектардан 50-60 центнер өнім алуды қамтамасыз етті. Шаруашылық мемлекетке күріш тапсырудан бес жылдық жоспарды төрт жылда орындап, таза пайдасы 3 миллион 250 мың сомға жетті. Сөйтіп шаруашылықтың алға қойған межесі жүзмындықтар қатарына қосылып, одақтық дережедегі КПСС Орталық комитетінің, СССР Министрлер кеңесінің, ВЦСПС пен ВЛКСМ орталық комитетінің ауыспалы «Қызыл Туын» қатарынан бірнеше рет жеңіп алды.

Сол жылдары жырмадан астам күрішші-механизатор орден, медальдармен нағрадалды. Мал шаруашылығы саласында Т.Қожағұлов «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, өндіріс бригадирі Әбілхан Тұрмаханов «Қазақстанға еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері» деген атаққа ие болды. Совхоз директоры «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Мал шаруашылығында да өзекті мәселелер шешіліп, жоспары мен социалистік міндеттемелерін орындаған сауыншылар мен бақташылар қатары көбейді. Бақташы Ш.Селбесінов «Халықтар достығы» орденімен нағрадалып, сауыншы Мариямүл Ержанова аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланды.

Совхозда жанадан 200 басшы сауын база салынып, фермалар орталық пен тас жолдар арқылы байланысты. Сонымен қатар совхоз орталығының мәдени-әлеуметтік жағынан өсіп-өркендеуіне де назар аударылды. Мәселен, совхоз орталығының көшелері түгелдей асфальтталып, ауыз су желілері іске қосылды. Көркейту-кегәлдандыру жұмыстары бұрын соңды болмаған дәрежеде жүргізіліп, аяқ су мәселесі толық шешілді. Ақсу ауылы мен көт орталығын жалғайтын асфальт жолдың қос қапталында бой көтерген жасыл жапырақты ағаштар сол кезде егілген еді. Сол ағаштардың көлеңкесімен жүретін қанша адамдардың соны екен егесіне жылы лебіз білдіріп жүргенінің бүгінде біз күесіміз.

III

«Жер өлсіз болмайды, ел өрсіз болмайды» дейді халық. Сондықтан ер – халықтың тірегі, қамқоры, қорғаны. Ерлік – елдің ісі, бірақ оның көрінісі тоқсан түрлі. Осы тұрғыдан алып қарағанда Әмірзақ Пірназарұлы өз дәуірінде адал еңбегімен өзінің байлығын көбейту жолында замандастарына үлгі болған азамат еді. Шаруасы шатқайқаған Жалағаш қой совхозы мен Ақсу күріш совхозын он бес жыл басқарған тұста іргелі шаруашылыққа айналдырып, алдыңғы қатарлы совхоздардың қатарына қосып, экономикасы мен мәдениеті жағынан республикаға танымал еткенді.

Соның айқын дәлелі 1980 жылы Мәскеуде өткен озат шаруашылықтардың одақтық кеңесінде совхоз директоры Әмірзақ Тұңғышбаев Қазақстаннан барған совхоз директорларының арасында бірінші болып сөз алған еді. Оның жан-жақты іскерлігі, әсіресе ауыл мәдениетін өркендету бағытындағы жұмыстарында да көрініс тауып, ел құрметіне бөленіп, басшылық орындар тарапынан тиісінше бағаланып отырды. Мысалы, Ақсу совхозының орталығынан салынған орта мектептің құрылысына белсене қатысқаны үшін 1987 жылы Қазақ ССР Оқу министрі оны «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық

қызметкері» төсбелгісімен марапаттады.

Ол ауданның, облыстың қоғамдық өміріне де белсене араласты. Аудандық, облыстық партия комитеттерінің мүшесі, аудандық және облыстық кеңестердің депутаты болып бірнеше рет сайланды.

Тарихтан білетініміздей, әр ғасырдың халық ардақ тұтқан тұлғалы азаматтары болған. Соның жалғасы ретінде ХХ ғасырда Сыр бойында халықтың мақтанышына айналған тұлғалы азаматтардың сапында Әмірзақ Пірназарұлының да өзіндік орны болды. Оған дәлел келтірудің қжеті шамалы шығар. Себебі ол қай шаруашылықта еңбек етсе де жолы болды, бағы жанды, іскер ұйымдастырушы, басшы атанды, артынан қаңқу сөз ермеді, жоғары органдардан лайықты бағасын алды.

«Жақсы басшы халықтың бағына туады» деген ескіден айтылып келе жатқан сағиалық сөз бар. Соның айғағындай уақытында ол халқынан ауыл шаруашылығының майталман басшысы деген атақты алған және дәл осы атақты тұрақты иеленген азамат болды.

Уақытында журналистер оған арнап мақала жазса, ақындар жыр арнады. Социалистік Еңбек Ері, ақын Ұзақ Еспанов ағамыз Әмірзақ Тұңғышбаевты:

«Жақсымен жүрсін жастан араласып, бейгені осып топтан ала қашып. Кешегі дөбегемен күші қайтып, Ағаңның тұсауы алдында барады асып.

Түлет тек жауын жердің топырағын, Ақ шағыл майда құмын, шоқыларын. Саулығын өзін сынды азаматтың, Түзден де, үйден тілеп отырамын.

Тұрғанда қатпай әлі қауырсының, Өмірдің көріп естің ауыр сынын. Бағалап мәртебесін көтере бер, Егілші, бақташы мен сауыншының. Бақытты Мақпалкөлдей сүйікті елге.

Шінен оза шапқан жігіттердің, Шаруада болдың бірі білікті ердің. Қашанда ақ талабың оңға бассың, Бірісің батырлыққа үміткердің.

Қырандай көк жүзінде қалықтаған, Жігітсің еңбек десе жалықпаған. Сен қашан Еңбек Ері боласың деп, Әзілмен айып етпе, қағытты ағаң» деп жырға қосты.

IV

Әмірзақ ініміздің жұбайы Дина келін өзімен терезесі тең, керегесі кең, бибатырлықтың үлгісін көрсете білген адал жар, отбасының сүйікті батыр анасы, әулеттің мақтанышына айналған айтулы келін болды. Ертелі-кеш бұл үйден қонақ арылмайтын. Ауылдан келгені бар, қызметтес жора-жолдастар бар, әйтеуір бәрін Дина келін қабақ шытпай күтетін, алғысын алатын. Оның үстіне үйдегі қарт өжені күтіп, жағдайын жасаудың өзі жеңіл-желпі шаруа емес-ті. Бала тәрбиесімен атқарып жүрген қызметті айтпайсыз ба? Мұның барлығы, әріне Дина келіннің мойнында, барлығына да үлгерді. Бөрінің де ойынан шыға білді. Соның арқасында алғаны алғыс болды.

Осындай отбасындағы жылылық пен әдептілік, инабаттылық пен бауырмалдық, үлкенге деген құрмет пен қамқорлық басқаларға үлгі боларлықтай еді. Түптеп келгенде мұның барлығының да ініміздің жақсылардың қатарына қосылуына ықпалы болды гой деймін. Өйткені отбасында береке болмай, ер адамның қызметте көңілі толарлықтай қызмет атқаруы екітәйлі.

Кейде бірін айта отырып, басқа бір болған жайтты сөз ететініміз бар. Осыдан 27 жыл бұрын болған бір оқиға еске түсті. Отбасымызға Алтай атты немерем дүниеге келіп, оның тұсауын кесетін мезгіл де жеткен еді. Қазақ ырымшыл халық қой, «баланың тұсауын кім кессе, өсейгенде сол адамның бақытындай бақытқа жетеді» деген аксиома тәрізді аталы ақыл сөз бар. Содан не керек, ойласа келе Дина келінге тоқтадық, солай болды да. Сол немерем бүгінде кәсіпкерлік саласында еңбек етіп, жолы болып, бізді қуанышқа

бөлеп жүр. «Жақсыдан шарапат» деген осы болар, сіре.

V

Әмірзақ Тұңғышбаев 1990 жылы өз өтініші бойынша туған ауылы Жаңаталап совхозына директор болып ауысты. Бұл қызметті ол 1996 жылға дейін атқарды. 1996 жылы құрметті еңбек демалысына шығып, өзінің жеке қожалығымен айналысып жүргенде аудан басшыларының өтініші бойынша Жаңаталап серіктестігіне төрағалық етті. Осы қызметті атқарып жүргенде 1998 жылдың 25 қыркүйекте 59 жасында дүниеден өтті. Оны білетіндер ауданда, облыс аумағында көп еді. Мұның өзі кімнің де болсын жүрегің сыздатқан ауыр қаза болды. Сол кезде еліміздің белгілі ақыны Қомшабай Сүйенішовтың:

«Ауыр жүгін арқаалаған халықтың, Қиқандауды білмейтұғын жантұғын. Маңдай төрін бес сыырды жұртым деп, Көз жұмаңша бір алған жоқ жан тыным. Асылы еді, арысы еді өліміңіз, Сол өліне арнады бар өмірің. Ар-ожданға қылдай қылау түсірмей, Дем біткенше ақтады ел сенімің. Адал еді дос-жаранға, жақыңға, Айырмайтын өкім бе әлде пақыр ма. Әділ еді қарақылды қақ жарған, Жүгінетін тек парасат, ақылға. Ерте кетті, сыймай кетті маңдайға, Тетті сөзі қалды ашқылтым таңдайға. Ортамызда кеше жүрген жарқылдап, Әмірзактай енді бізге жан қайда?» деп тебірене жырлағаны есімізде.

VI

Өткенді еске алған сәттерде адам өмірінде өтті дейміз. Алайда оның өліне еткен еңбегі, қалдырған игілікті ісі, жасаған қосылымы, жанауырлық іс-әрекеттері, көпшілікті тыңдай да, тыңдата да білетін қасиеттері көпке дейін ұмытылмайды. Әріден мысал келтірсек, халқымыздың мақтанышы ретінде айтылып келе жатқан батырлар ерлігінің жыр-дастан болып сақталуы сөзімізді қуаттайды. Сол сияқты өз заманында тұрғыластарынан өлдеқайда ілгері шығып, ерөн еңбегімен елінің сый-құрметіне бөленген азаматтар жайлы қай кезде де айтылып отырылған. Заманының сондай айтулы азаматтарының бірі Әмірзақ Тұңғышбаев болатын.

Иә, Бұл мақалада оның ұйымдастырушылық қабілеті, еңбексүйгіштігі халық пен еңбек адамына деген қамқор істерінің қаймағына қақпын алынған. Ол бағыттағы жұмыстарының бірқатары марқұмның авторлығымен 1987 жылы «Қайнар» баспасынан шыққан «Ақсу асулары» атты кітабында баяндалды. Негізінен ол жайлы ауданда көш соңында қалған екі бірдей совхозды өрге сүйреп, облыстың алдының қатарлы шаруашылықтарының сапына қосқандығы жөніндегі жылы лебіздер, деректі естеліктер өліге дейін айтылып келеді. Айтыла да бермек.

VII

Біз Мақпалкөл ауылынан қайтып келміз. Рөлде қазіргі ардагер журналист Серік Бертаев, жанында мен отырмайын. Бұл ауылға елдің қадірменді азаматы болған, өмірден озғанына жиырма жылдан асқан марқұм Әмірзактың отбасына барып, жұбайы Дина келіннің балаларының әкесіне арнап ас береміз деген талап жасап жатқанын естіп, бұл да бір өмірдің жалғаса берер өнегелі сабағы гой деген тілемізді білдіріп келе жатқан бетіміз. Біз өкеуіміз де үнсізбіз. Мүмкін ол да мен сияқты ешкімге бағынбайтын, ешкімге салмағын салмайтын, өткенін ешкімге сездірмейтін уақыт деген құдіреттің арта қалған ербір күнінің, ербір сәтінің, ер кезеңінің тарих қойнауына сіңіп, ғайып болып кеткенін ойға алып, жандыда сақталып қалған жайлары мен мүмкін еске түсіріп келе жатқан шығар.

Әмірзақ пен Дина дүниеге он бала тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Қазір солардан 38 немере өсіп келеді. Оның ұл-қыздары түгелдей жоғары білімді маман болды. Айтқұл мен Алмағұл денсаулық сақтау саласында қажырлы еңбек етсе, Бақытқұл мен Айгүл есепші болды. Ботакөз бен Айнуір білім саласына қажырлы еңбек етсе, Ғалымжан мен Исағали білікті заңгер атанды. Ал Бауыржан мен Табынбай өке жолын қуып, бірі ауыл өкімі болса, енді бір шаруашылық төрағасы болып абырой биігіне көтерілді.

Осы сапарымызда өкеуіміз де мынадай тоқтама келгенбіз. Ол Ө.Тұңғышбаевқа арнап жыр жазатын болды, мен естелік жазатын болдым. Сонымен ол да, мен де уәдеде тұрдық қой деймін.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жалағаш ауданының құрметті азаматы

Біле жүріңіз

Кене шакқанда не істеу керек?

Ерте көктемде және жаз айларының басында кенелер көптеп кездеседі. Жер бетінде кененің 10 мыңнан астам түрі анықталған. Ал Қазақстанда 240-қа жуық түрі бар. Біздің аймақта кездесетіндері – иксод және аргас кенелері. Иксод кенесінің 60-қа жуық түрі бар. Ал аргастың 20-дай түрі кездеседі.



Кенелер өрмекші тәрізділер класының бір отрядына жатады. Олардың дене құрылысы, пішіні мен түсі әртүрлі, 1 мм-дан 3 см-ға дейін жетеді. Жұптасқан 1-2 көзі болады, кейде көзсіздері де кездеседі. Дернәсілінің 6 аяғы, ересек кененің 8 аяғы бар, артымен немесе кеңірдегі арқылы тыныс алады.

Кейбір түрлерінде аталығы мен аналығының жыныс айырмашылығы айқын белгіленген. Ұрық шашу арқылы, не іштей ұрықтану арқылы өсіп-өнеді, кейбіреуі аталық кененің қатынасынасыз көбейе береді. Арасында жұмыртқа салатындары да, тірі туатындары да бар. Кей кенелер барлық даму сатыларынан өтеді. Яғни жұмыртқа, алғашқы дернәсіл, дернәсіл, нимфа, ересек кенелер де болады. Ал кейбір кенелер сатылардан өтпейді. Аналық кенелер 2 мыңға дейін жұмыртқалайды.

Қан сорып болғаннан кейін кененің денесі бірнеше есе үлкейіп, малдан түсіп, індерге, бұталы өсімдіктер тамырының түбіне, мал қораларға кіріп жұмыртқалайды. Келесі жылы көктем айында осы жұмыртқалардан көптеген кене пайда болады. Бұл аш кенелер жайылымға келген малға жабысып, қанын сорып, қайтадан жұмыртқа салуға жерге түседі. Кененің өсіп-өнуі осылай жыл сайын қайталанып отырады.

Ол адамға көптеген індет таратады. Біздің облыста кене өте қауіпті жұқпалы ауру Қырым геморрагиялық безгегінің қоздырушы тасымалдаушы ретінде кездеседі. Бұл вирусты тек қана өз организмінде сақтап қана қоймай, оның табиғатта тарауына әкеп соқтырады.

Кенелер үй жануарының, жабайы аңдардың және құстардың қанымен қоректенеді. Организмінде ауру қоздырғышы бар кене қан сорған жануарына вирусты жұқтырады. Бұл індеттің адамдар арасында кездесуі кенелердің және олар қанын соратын жануарлардың болуына байланысты. Ауа температурасы жоғарылап, күн сәулесінің күші де көбейген сайын қыстан шыққан зиянкестерге өте қолайлы жағдай туады. Қыстан ашығып шыққан кенелер де қан соруга асығады. Олар бұл кезде мал мен құсқа, жабайы аңдарға жабысады.

Әдетте далалық жерге әртүрлі мақсатпен барушылар немесе жануарлармен қатынасы бар адамдар осы дертке душар болуы ықтимал. Кене адамға қадалып, қан сорған уақытта ауру қоздырғышы оның сілекей бездері арқылы адам организміне тарайды. Қырым геморрагиялық безгегі өте қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жатады. Ауруға шалдыққан адамның дене қызуы көтеріліп, әлсіздік басып, көңілді қошы болмайды. Алғашқы күндері ауыздан, мұрынан қан кету басталады. Егер бұл қан дені сау адамның денесіне жұқса, сол адамның да осы ауруға шалдығуы мүмкін. Бұнымен ауырған адамның отбасы мүшелері, медицина қызметкерлері және т.б. көмек көрсеткен адамдардың науқастанғаны туралы жағдайлар бөрімізге белгілі.

Кене шаққан жағдайда не істеу керек? Біріншіден, асып-саспау керек, кенені тез арада жасаудан әрекет жасамаңыз. Егер кене қадалып қалса, жіңішке іс тігетін жіппен тұмсығын орап алып, жайлап ыргау арқылы кенені денеден аламыз. Жабысқан кенені мұқият алу керек. Себебі оның аяғының тікенектері, тұмсығы адамның денесінде қалып қойса, жара пайда болады. Сондықтан бұл тікенектерді міндетті түрде шөңге ретінде алып тастап, орнына йод немесе спирт жағу керек.

Кенені қолмен ұстап өлтіруге болмайды, өйткені оның вирусы қолға жабысып, денеге өтіп кетуі мүмкін. Көп адамдар Қырым қанды безгегінің жұқпалы екенін және онымен ауырған адамды қалай күту керектігін біле бермейді. Сондықтан медицина қызметкерлері, әсіресе санитарлық ағарту білімін таратушы мекемелер осы індет туралы мағлұматтарды халыққа кеңінен түсіндіруге мән бергені дұрыс.

Міне, осы айтылғандардың бәрі ұқыпты өткізіліп отырса, аурудың болмауына, ал бола қалған жағдайда оның таралуына жол бермеуге мүмкіндік болады. Сондықтан баршаңызға сақ болыңыз, сақтаныңыз дейміз.

М.АЖАРБАЕВА, ҚР ДСМ СЗБ «ҰСОШЖҚ РМК облыстық филиалы аудандық бөлімшесінің санитарлық-эпидемиологиялық қызмет маманы

Ойтаразы



Тазалық бәрінен маңызды

Қоқыс – жаһандық мәселе. «Тазалық – саулық негізі» деген ұғымды бала күнімізден санамызға сіңірсек те, әлі де тазалыққа салғырттық танытып жүрміз. Оған соңғы уақытта кент орталығынан тысқары көше бойларында қапқа салынып үйілген қоқыстар дәлел. Кенттің де кескінін кетіріп жүрген күл-қоқыстарды да көше бойларынан табу қиын емес.

Бүгінде аудан орталығына қоқыс лақтыру, көлікпен өтіп бара жатып бос құты қалдығын тастау тыйылмай тұр. Апталап жатып қалатын қоқыс салынған қапшықтарды көшедегі иесіз иттер мен мысықтар, одан қалды үй жануарлары жыртып, оның ішіндегі тұрмыстық қалдықтар айналаға шашылып, көңттің көркін қашыруда. Осы ретте көктем келісімен аудандағы мекемелер жаппай сөнбілікке шығып жұмыс орнының маңайын, ауласын ретке келтіруде. Бірақ бұл тек мекеме мойнындағы іс емес. Сол себепті тұрғындар ауласын сөнбілікке сілтемей, өзі тазартқаны жөн.

Себебі тазалық әр адамның өзінен басталуы тиіс. Өз ауласын тазартып, абаттандыруға көңіл бөлсе, ауаны да тазартып, ауданды да көркейтуде үлес қосар еді. Одан бөлек күл-қоқыстармен келетін түрлі инфекциялық аурудың алдын алары анық. Әсіресе көше бойына қойылған қоқыс жәшігіне салынатын қалдықтардың тиісті жәшіктің ішіне салынуы, жәшік толған жағдайда жауапты мекеменің уақытында тазартып отыруы тазалыққа үлкен септігін тигізеді.

Кешегі сөнбіде кент және ауылдық округтерде жаппай сөнбілік шаралары тағы да ұйымдастырылды. Оған аудан

бойынша меншік нысанына қарамастан 145 мекемеден 1600-ге жуық адам қатысып, 16 техника жұмылдырылды. Сөнбілікте көшелер мен саябақтардағы қоқыстар тазартылып, құраған талдар кесіліп, аяқ су жүретін арықтар құраған жапырақтардан арылды. 15 тоннаға жуық күл-қоқыс белгіленген орындарға шығарылды. Талдар мен жол жиегіндегі қоршау тастарды әктеу, парктер мен аллеяларды тазалау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ сөнбілік жұмыстары аясында көшелер, аллеялар мен саябақтарда 700 түп ағаш отырғызылды.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларына егілген талдарды күтіп-баптау, арықтарға су келтіру, арнайы қоршаулар орнату жұмыстарын тапсырды. Жиналған қоқыстарды шығаруға кент бойынша жауапты мердігердің, ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтардың техникалары жұмылдырылды.

– Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысты. Әрбір ұжым, мекеме қызметкерлері өздеріне бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Сөнбілік барысында талдар өктеліп, саябақтардың іші мен

мекемелердің айналасы қоқыстан арылды, – дейді аудан тұрғыны Айнур Қойшыбекқызы.

Сөнбілік барысында тазалық жұмыстарымен танысқан аудан әкімі Ардақ Әбдіғәппарұлы аймақтар бойынша жауаптылар тазалықпен қатар көше тұрғындарына, жалпы халыққа тұрғын үй маңында көркейту-көгалдандыру, санитарлық-тазалықты сақтау керек екенін, туған жердің таза болуын тек сөнбі күні ғана емес, үздіксіз бақылап, мәдениеттілікті арттыру қажеттігін де атап өтті.

Расында ауданның көркеюі мен тазалығында дәл осындай сөнбіліктердің алар орны ерекше. Осындай жұмыстар арқылы көшеде өсіп тұрған тал діңгегі өктеліп, артық шөптер тазартып, тазалық сақтауға бір адамдай барлық аудан тұрғынының ат салысуының арқасында өңір таза қалпын сақтауда. Бұл шара арқылы тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және көшелердегі тазалықты сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастырып, санитарлық жағдайын жақсартуға болады.

Бытыр елімізде осындай шаралардың арқасында елімізде 4 млн тоннадан астам коммуналдық қоқыс

жиналған. Орташа есеппен алсақ, әрбір қазақстандыққа 220 келіден келеді.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегіне сүйенсек, ең көп қоқыс Алматы қаласында тіркелген. Яғни бытыр Алматыда 482 мың тонна қоқыс жиналған. Мұнан бөлек Қарағанды облысында 343 мың тонна қоқыс шығарылған. 2023 жылы қоқыстың 24 пайызы ғана өңделген. Оны өңдеумен айналысатын елімізде 38 кәсіпорын бар. Оның 18-і макулатураны өңдесе, 15-і пластикті өңдеумен айналысады. Ал 5-еуі – шыны өңдейтін кәсіпорын.

Айта кетейік, алдағы уақытта елімізде қоқысты өңдеумен көбірек айналысқандарға арнайы жеңілдіктер жасалады. Ал қоқысты бей берекет тастаған азаматтарға айыппұл күшейтілмек. Қазіргі кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске белгіленбеген жерлерге қоқыс шығарғаны үшін айыппұлды көбейтуді көздейтін түзетулер әзірленіп жатыр. Мысалы, жеке тұлғалар үшін 50 АЕК-ден 100 АЕК-ге дейін, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар үшін 100 АЕК-ден 200 АЕК-ге дейін айыппұл қарастырылады.

Иә, енді елімізде белгіленбеген орындарға қоқыс тастағандар қыруар айыппұл арқаламақ. Тазалық ұғымы қоқыстарды жинаған жерде емес, шашпаған жерде қалыптасатынын естен шығармайық.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Сақтансаң, сақтайды

Қауіпсіздік қаперде болсын

Қазіргі таңда ауданда көркейту-көгалдандыру және санитарлық тазалықтың 2 айлығы өткізілуде. Осы жұмыстарды жүргізуде көшелер мен аулаларда күл-қоқыстар жағылуда. Сондай қоқыстарды жағу кезінде ғимараттар мен құрылымдар арасында тиісті арақашықтық сақталмай және жанып жатқан қоқысты бақылаусыз қалдыру себебінен өрт оқиғалары орын алуда.



Мұндай олқылыққа жол бермеу үшін қайтпек керек? Ол жайлы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген.

Елді мекендердің, ұйымдардың аумақтары қызмет түріне және меншік нысанына қарамастан өртке қарсы қашықтықтар шегінде жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, құрғақ шөптен, мамықтан, жанғыш материалдардан уақытылы тазартылады. «Қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 метр қашықта жүзеге асырылады. Қалдықтар мен ыдыстарды өртеу осы мақсатқа арнайы бөлінген жерлерде қызмет көрсетуші персоналдың бақылауымен жүргізіледі» делінген.

Ауылдық елді мекендердің саяжай кооперативтерінің, бау-бақша серіктестіктерінің аумағында жазғы маусымда әрбір тұрғын үй ғимаратының жанында жиынтық су қоры кемінде 200 литр сыйымдылық орнатылуы немесе өрт сөндіргіш болуы тиіс. Жанғыш қалдықтардың үйінділерін ұйымдастыруға жол берілмейді. Пайдаға асырылмайтын қалдықтар мен қоқыстарды тұрғын үй ғимараттары мен жатақханалардың, саяжай кооперативтерінің, бау-бақша серіктестіктерінің, гараждардың және ашық алаңдардың аумақтарында (қоқыс өткізгішпен жабдықталмаған) арнайы жабдықталған орындарында жабылатын қапқақтары бар металл сыйымдылықтар орнатылады.

«Сыйымдылықтар бетондалған немесе асфальтталған алаңдарда ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 25 метр қашықта орнатылады» деп көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындамау ҚР Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінен көрсетілген жауаптылыққа әкеледі. Сол себепті тазалық жұмыстарын жүргізу барысында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап, қауіпсіздік ережелерін ұмытпаңыздар. Ал төтенше жағдай орын алса, 101 немесе 112 телефонына хабарласыңыздар.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Ахуал

Қызылша: 8 науқас есепке алынды



Өткен айда ауданда қызылшаның алғашқы болжамды жағдай диагнозымен 8 науқас есепке алынды. Бұл 100 мың халыққа шаққанда 22,1 пайыздық көрсеткішті құрап отыр. Тіркелген науқастардың алтауы 14 жасқа толмаған бала, 2-еуі ересектер арасында анықталған.

Қазіргі уақытта көй эпидемиялық аурулардың көрсеткіші төмендесе, бірқатарында өсім байқалады. Оның ішінде қызылша ауруы ершіп барады. Тіпті соңғы 10 жылда болмаған жағдай тіркелуде.

Жалпы Жалағаш ауданында ғана емес, елімізде қызылшаның эпидемиялық жағдайы өлі де тұрақсыз, соңғы деректерге сүйенсек, Қазақстанда бұл дерттің 26 168 жағдайы тіркелген, оның 80 пайыздан астамы 14 жасқа дейінгі балаларға тиесілі, 83 пайызы – егілмеген балалар. Сондай-ақ аурудан 2 бала көз жұмған. «Оның екеуі де 1 жасқа толмауына байланысты жұқпалы инфекцияға қарсы екпе алып үлгермегендіктен» дейді мамандар.

Бұл кесел бізді де айналып өтпеді. Ауданда наурыз айында тіркелген 8 қызылша ауруымен есепке алынған науқастардың 2-еуі қызылшаға қарсы егілген 3 баланың егу жасына жетпегеніне, 1 балада егуге медициналық шектеулері

болғанына байланысты қызылшаға қарсы егілмеген, 2 науқастың егу туралы құжаттары жоқ болуына байланысты егу статустары белгісіз. Тіркелген науқастар үй ошағында 20 адаммен, ұйымдасқан ұжымдарда 18 адаммен тығыз байланыста болған. Олардың бәрі есепке алынып, тексерістен өтті.

Бүгінде балалармен қоса ересектер де ауруда. Осыған байланысты науқас адам немесе науқастанған баланың анасы бала бойында қызылша ауруының белгілері байқала бастаса, дер кезінде дәрігерге көрініп, уақытылы ем алу керек. Сапалы және дұрыс тағайындалған ем науқасты қызылшадан болатын өртүрлі асқыну жағдайынан құтқара алады.

Қызылша ауруымен сақтанудың тиімді жолдары жеке бас тазалық шараларының қарапайым ережелерін сақтау, үй-жайларды жиі желдету, науқастармен қарым-қатынасты уақытша үзу, ауырған жағдайда оқшаулану, таза ауада жиі

болу, балаларды қызылшаға қарсы профилактикалық егу шарасының күн тізбесінде көрсетілген мерзімдеріне сәйкес уақытылы ектіру болып табылады.

– Қызылша бойынша эпидемиологиялық ахуалдың тек біздің елде емес, бүкіл әлемде күрделенуінің себебін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус пандемиясы салдарынан халық арасында қызылша ауруына қарсы вакцинациялау барысының өсіріп, екпеден бас тартушылар санының артуымен байланыстырады. Себебі ұжымдық иммунитет бөсендеген сайын ауру жұқтырып алу қаупі күшейе түседі. Қауіп тобында – екпе алмаған, иммунитеті елсіз адамдар. Сондықтан қызылшаның алдын алудың ең тиімді және сенімді әдісі вакцинация болып табылады. Қызылшаға қарсы егу – вирусты жасанды жолмен тоқтату, нәтижесінде ағза өзін қорғайтын иммунитет жасайды. Ең алғашқы вакцинация балаларға 12 айлығында, екіншісі 6 жаста жасалады. Егу тұрақты қорғанысты тудырады. Мына жайтты ескерген жең жоспарлы екпеден бас тарту тек өзіңіздің ғана емес, басқа да балалардың өміріне қауіп төндіреді, – дейді ауданның бас санитары Гүлзираш Айымбетова.

Денсаулықты сақтау өз қолымызда. Жоғарыда айтылған жайттар бойынша байқалса, міндетті түрде мамандарға тексерілу керек. Кеселден құтылудың басты жолы – тек екпе алу. Сондықтан арнайы екпе алудан қос тартпай, өз денсаулығымызды сақтайық.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 556